

7)(075)  
С 58  
33.

АРХИВТІК  
ҚОР

# ССРО ТАРИХЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ

ОРТА МЕКТЕПТІҢ 8 КЛАСЫНА  
АРНАЛҒАН ОКУ ҚҰРАЛЫ

*Редакциясын басқарған*

ПРОФ. А.М. ПАНКРАТОВА

ҚАЗАҚ ОКУ ҚҰРАЛДАРЫ БАСПАСЫ

1947

ССРО ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ТАРИХ ИНСТИТУТЫ

Проф. К. В. БАЗИЛЕВИЧ проф. С. В. БАХРУШИН,  
проф. А. М. ПАНКРАТОВА, доц. А. Б. ФОХТ

ССРО ТАРИХЫ

С. В. Б.  
С - 58

ОРТА МЕКТЕПЛІН үКІ КЛАСЫНА  
АРНАЛҒАН СҚУ КҮРАЛЫ

Редакциясын басқарған проф. А. М. ПАНКРАТОВА

ҰЛЫНШЫ БАСЫЛУЫ


*Казақ ССР Оқу Министрлігі бекіткен*

КАЗАҚ ОҚУ КҮРАЛДАРЫ ҶАС 7 АС  
Аттамат - 1 - 47



483731  
4

БАЯГЫ  
КЕЗДЕГІ  
БІЗДІН  
ЕЛІМІЗ



I ГАР 1<sup>1</sup>.

**БІЗДІН ЕЛІМІЗДІҢ ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ-  
КАУЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫС.**


**§ 1. ӨТЕ ӘРТЕДЕГІ АДАМ БАҒАСЫНЫң ҚОҒАМЫ.**

Адам баласы қоғамының басталуы. Адам баласының Европада тіршілік ете бастаудының тұнғыш деректері, Европаның ауа райы әрі жылы, әрі ылғалды болып дәуірлеп тұрган өте арғы дәуірдің тұсына келеді. Мәңгі көкпенбек болып тұратын — лавр, самшит, тис және басқа ағаштардан күралған қалың ормандарда және өзендердің жағаларында, казірде күрып кеткен жануарлар (ертедегі піл, носорогтің айрықша тұқымдары), немесе онтүстік жақта кездесетін жануарлар (леопард) тіршілік өткен.

Адамдар кішігірім топ («алғашқы орда») болып тұратын. Адамның тұнғыш күрал-саймандары өрескел өндөлген тас болатын. Тамакқа деген ұуларды, құрт-құмырыскаларды, жемістерді, жеуге келетін өсімдік тамырларын адамдар бірігіп жүріп жыйнайтын. Уақ аңдарды аулау кездейсок жүргізілетін. Ауа райының жылы болуынан адамға сұқтан қорғану үшін киім де, айрықша баспанада керек болмаған.

Бертін келе біртіндеп сұық түсे бастаған Жауын-шашын көбейе түскен. Солтүстікте үлкен мұздар пайда болып, олар таудан сырғып түсे бастаған. Қалың ну ормандар онтүстікке қарай ығысқан, олармен бірге жануарлардың біразы онтүстікке қоныс аударған. Кейбір жануарлар өліп күрып кеткен. Көп жерді мұз басқан.

Адам отты пайдалануды үйренгендіктен қатаң ауа райы жағдайында тұрып қала берген. Алдымен адам отты сактауды үйренді, содан кейін құргақ ағаштарды біріне-бірін үйкеп және тасты шағып от шығаруды үйренді. От адамды сұқтан сактады, андардан қорғады, тамакты, етті, балыкты пісіріп коректенуіне мүмкіндік берді.



ССРО-да мейлине ертерек кезде болған өте жабайы құралдардың түрлі  
Палеолит Кырымдағы Киік-Қоба үңгірінің тәменгі кабатынан табылған  
құралдар.

Адамның өтсө ерте кезде тұрган мекені біздің елімізде Кавказдан және Кырымнан табылады Симферопольға таяу жердегі үңгірден өрсекел тас құралдармен бірге жануартардың шағылық шөп сүйектері табылды. Бұл жерлерде андардан корғану үшін жауын-шашыннан панақау үшін табиғи үңгірлерді пайдаланған алғашқы аңышлардың мекені болған.

Мұз басуының ең күштегін кезінде, біздің етіміздің европал территориясын басқан қалың муз сілемі Донның орталық ағысынан және Днепрдің тәменгі ағысына дейін жеткен. Сібірде муз басу аздау болған.

Біздің еліміздің жерін бірнеше он мындаған жылдар бойы муз басып жатқан Мұздар өте баяу еріген. Дегенмен мұздың шеңбердегі солтүстікке карай шегініп, мұздан босаған территорияда жал-жап болып малта тастар қалып отырған.

Мұздан босаған жердің беті алғашында тундраға усаған. Егер судың ағындары өзендер салаларын туғызды. Ілғалдың мұздан болуы шөп және орманның тез өсуіне себеп болды. Далалардың ормандарды және сулардың жағаларын ірі жануарлар: мамонтар, носорогтар (мүйіз тұмсықтар), солгустік бұғылары мен солтүстік және полярлық жануарлардың басқа тұрлери де мекендегендегі бастады. Таулар мен үңгірлерді адамның ең қауыпты жауулар үңгір арыстаны мен үңгір аюлары және үңгір коркау каскында мекендеді.

Шегініп бара жатқан мұздардың артынан адам да солтүстікке карай жылжый бастады.

**Алғашқы қауым.** Тек шоқпар, үшін жонып сүйірлеген ағаш және өте жабайы тас құралдармен каруланған адам табиғаттың өте кыйын жағдайларымен және жыртқыш жануарлармен жағызы-жалғыз жүріп күресе алмайтын болды. Адамға аяғын басқасын қауып кездесіп отырған Адамдар тек біріне-бірі көмектесуімен ғана өздерін андардың шабуылынан қорғап, керекті азығын тауып алатын болған. Өзара көмектесу — әсіресе, мамоні, носорогтары өгіз және басқа да ірі андарды аулағанда өте кажет болды.

Мамонтың сырт көрінісі пілге үксас болғанымен де, пілден гөрі ірілеу және күштірек болған. Мамонтың өзін қорғайтын басты қаруы жоғары қарай шіліп, сорайып шығып тұратын зор бивндері (ұры тістері) болған.

Мамонт шөп коректі жануар болғанымен, оны ізінө түсіп аулаған кезде ол аса қорқынышты болған. Мүндай күшті анды колға үсіріп алу үшін адамдар оларды су ішетін жерінен немесе тік жардым маңында андып тұрып тоспа жасайтын болған.

Адамдардың бірігіп өмір сүруі алғашқы қауымның тууына себеп болған. Кейбір үсак заттардан басқаның барлығы да қауымның қарамағында болды; жеке меншік әлі болмаған. Алғашқы қауымда бай да, кедей де, адамды адам қанау да, таптар да болмаған. Тіршілікке керекті заттарды табу жолын жеңілдетіп, бір-біріне көмектесіп отырса да, ол кездегі адамдар өздерінің тіршілік етуі үшін орасан көп еңбек жұмысайтын болған. Ол кезде адам табиғат күбылсына қарсы тұра алмайтын, тәжрибесі аз, жұмыс істеуге дағыланбаған болатын.

Қыскы сұйктан қорғану үшін адам жерден казып үй салуды, күркө жасауды үйрене бастайды. Дон бойында, Гагарино селосының қасынан, осындағы баспаналардың қалдығы табылды. Күркенің табаны тайыздау сопақша шүңқыр болып келіп, қабыргалары кесек тастан, үлкен сүйектерден қаланған екен. Оларға жоғарғы үшін біріктіре сырғауыл қадап, үстін ағаштың бұтағымен және жануарлардың терісімен жапқан. Күркенің ішінен мамонтың, носорогтың, егіздің және әртүрлі үсак жануарлардың шашылып жатқан сүйектері табылған. Жиһаздардан — раковина, уақ жыртқыштардың тістері және әйелдердің сүйектен істелген бірнеше тұлғалары табылды.

Біздің еліміздө советтік археология ғылымының дамуы арқасында, өте ертедегі адам баласы қоғамының тұрған 200 дең астам мекені табылып отыр. Олар шашыранды болып еуропалық территорияның онтүстік жарымының әр жерінен, Алтай тауларынан, Батыс және Шығыс Сібірден кездеседі. Бұл біздің елімізде адам баласы қоғамының өте ерте заманнан бері өмір сүріп келе жатқандығын көрсетеді.

## § 2. АНАЛЫҚ РУ.

**Аналық рудың тууы.** Ая райы жағдайының өзгеруі нәтижесінде табиғат жағдайлары біртіндеп қазіргі жағдайға жакындағы бастаған. Жануарлар дүниесі де өзгерді. Ирі андардың көбі — мамонттар, үнгір арыстандары құрып кеткен.

Әуелгі кезде алғашқы қауымның нақты составы болмаған және онай ыдырап кетіп отырған. Шаруашылықты бірігіп істеу анағұрлым берік және тұракты бірліктің керектігін туғызды Алайда, ол кездегі адамдар тұракты иекені білмеді. Балалар тек анасына ғана тән болды. Сондыктан қоғамының үясы аналық семья болған. Бірнеше аналық семья бір аналық ру болып, бұл рудың мүшелері өздерінің тегін тек ана жағынан білетін. Ересек еркектер көбінесе ашылықпен айналысатын, ал әйелдер үй шаруасын істейтін, азық-

тұлік корын дайындастын, тамақ істейтін, киім тігетін, от барын, үй-жайдың қамын жетін. Эйелдердің осындай шаруашылық ролі оның семья және ру ішінде маңызын жоғары көтерді.

Ағайынды адамдар біріне-бірі көмектесіп, бірін-бірі қонынды. Егерде бөтен рудың біреуі туыстас адамдардың бірін бірлеп, немесе өлтіріп кететін болса, зәбір көрген немесе өзінде адамның кегін бүкіл ру болып жоктайтын болған Рудың мүшкін зәбірлеушіні өлтіргенше кудалай беретін болған. Қанды көміндегі, міне осы болған.

Өте маңызды мәселені шешу үшін бүкіл ру адамдары: ең де, әйелдері де тегіс, түгел жыйналатын болған. Старшиналар көсемдер рудың жыйналысында сайланып, рудың жыйналыс орнынан алынып отырылған

Мың-мындаған жылдар бойына адам өмір сүру үшін күйренген дағдытарын үрпактан-үрпакқа қалдырып отыратын болған. Адам катты тастан, сүйектен үлкенді-кішілі әртүрлі құрада, балта, пышак, кырғыш, тескіш, кескіш, найзаның үшін және балдарды ісгеп алуды үйренген. Тас құралдардың беті тегістелінде бастаған, бұл оларды тұтынуды жақсартып, женілдетекен. Садақ пен масактың шығуның да маңызы өте зор болған. Бұлардың көмегімен адам аңдарды алыстан тұрып атып ала таған.

Адамдар саз балшықтан ыдыс жасауды үйренген. Алғаш ыдысты ағашған, ағаштың бұтағынан және теріден жасағандан кейін ыдысты төзімді жасау үшін ағаш ыдыстардың ішін сазбен сълайтын болған. Бертін келө тек саздың өзінен ыдыс жасайтын болған. Ең ақырында гончар шеңберін пайдалаған жағдайда. Гончар өндірісі осылай шыққан. Үйдістардың сыройып, бұдырлап өрнек салатын болған. Шыбықтан, қамыстан зина тоқып үйренгеннен кейін адам енді жабайы өсетін өсімдіктердің торқасын токуға кіріскең Осылайша келіп тоқыма өндішкін. Өрескелдеу болғанмен, қолдан тоқылған заттар киқап істеуге және басқаларға пайдаланылған. Адамның шаруалық әрекеті едәуір күрделі және әртүрлі бола бастаған. Барлық аулауға өсімдік торқасынан тоқылған ауларды пайдалана бастаған. Аң аулауда ең басты құрал лактырма наиза, садақ және сақ болған. Алғашқы адамдардың тұрған жерлерін казған аңдар логтар масактың креминнен істеген үштари қадалып жатқан ірі жыртқыш аңдардың сүйектерін тауып алып отырады.

Адамдар келе-келе жеміс теруден дәнді және түйнек тамақ өсімдіктер егуге көшкен. Егін салу үшін жерді көбінесе өзінде аңдарынан алып, ондай жерді ушкір ағаш тесемен қосып Мұндай жерге арпа, тары, бидай еgetін болған. Сөйтіп, тесем айыратын жабайы егіншілік келіп шыққан.

Тағы жануарларды қолға үйретуден мал өсіру шаруашылық бастаған. Ең алғаш қолға үйретілген үй жануары ит болған. Солтүстік аудандарда солтүстік бұға қолға үйретілген.

**Біздің еліміздегі ру қауымдарының мекендері.** Еліміздің кіл территориясында, Қара теңіздің жағалауы мен Закавказье таулық алаңтарынан бастап қызыр солтүстікке дейін, Белору-


дан бастап Шығыс Сібірге де-йінгі аралықтан ру қауымдарының тұрған көп мекендері табылған. Бұл материалдарға қарап оқымыстылар сол ерте дәүірдегі адамдардың тұрмыстарының қалпын кайта айтып береді.

Европалық территорияның солтүстік жарымының орманды алаптарында поселениелер өзен, көл жағаларында салынған. Эрбір поселение жеке бір рудың иелігінде болған және бұл поселение аз гана жер үйден немесе күркеден құралатын. Поселениеде тұрушылар көбінесе балық аулайтын шінара аңшылықпен айналысқан. Кей жерлерде ру поселениелері тобымен орналасқан, бұл рұтқым одағының туғандығын көрсетеді.

Оңтүстік далалық бөлікте, әсіресе, күнарлы өзен алаптарында, халықтың негізгі кәсібі тесемен айыратын егіншілік болатын. Бұл дәуірдегі алғашқы егін шаруашылығының бейнесін көрсетуге Триполья мәдениеті үлгі бола алады. Бұл мәдениеттің белгілері ең алғаш рет Триполья (Киевке таяу жерде) селосынан табылды. Триполья мәдениетінің тұрактаған орындары Днепрдің батыс жағынан Украина территориясынан көп табылған.

Бұл жерлерде тұрушылар поселениені жағалық қыраттан немесе түбінде өзен ағып жататын жардың қабактарынан салатың болған. Үй салуға арналған алаңға бір қабат саз төгіп, оның устіне от жағып өргейтін болған. Үйдің қабырғалары бағаналар мен шыбыктардан жасалып сазбен сыланатын болған. Сөйтіп ішіне 100 ге дейін және одан да артық адам сыйытын, бірнеше жерден от жағылатын үй болып шығатын. Үйдің маңына бидай, арпа және гары еgetін Жерді қосыту үшін тастан жасалған үші бар ағаш тесені пайдаланған. Астықты үлкен тас плиталар және тас диірмендермен қолдан тартып алып отырған. Жануарлардың саздан жасалған тұлғалары да көп табылған, тегі тұлғаларды сыйқырлық қасиеті бар деп білген болулары керек. Бұлар үй жануарларын қорғап, олардың өсіп-онуіне қолғабыс тигізуге гиісті болған. Кейбір үй жануарларының бейнессі ыдыстардың сыртында да кездеседі.

Триполья мәдениетінің мекендерінен бірен-сарап мыстан жасалған заттар да кездеседі. Мыс құятын қалыптың табылуы мыстан істелген заттардың, ең болмағанда біразының, жергілікті жерде жасалғанын көрсетеді. Металдан істелген заттардың көбірек тарай бастауы аналық рудың ыдырай бастаған уақытына дәл келеді.



ССРО территориясында кездесетін адамның мейлінше ерте кездегі салынған пішіні. Тастан істелген статуэтка (қатты бордан). *Воронеж жаңындағы Костенкиден табылған.*

### § 3. АТАЛЫҚ РУ.

**Мал шаруашылығының дамуы.** Тағы жануарларды қолға үй тудің ру қауымдарының шаруашылығы үшін маңызы зор болған. Үй жануарларын қолға үйрету адамдардың алдағы күнгі азықтамасыз етіп, үнемі ойдағыдай бола бермейтін аңшылық тәуелді болудан күткарған. Ит пен бұғының (солтустікте) ізін баска үй жануарлары да: өгіз, ешкі, қой, шошқа, жылқы пай болған. Бірте-бірте мал өсіру шаруашылықтың басты тарауына налған. Алғашқы кезде мал бүкіл жыл бойы поселениенің маңынан жайылып шығатын болған. Кейіннен, солтустік жаңапрағымен бірге жіңішке шыбық қырқып алғып кептіріп, бас жақта шөп шауып, қысқа малға азық дайындағын болған. Қызыгүні үй жануарлары адам тұратын үйлердің бір жағына малатын болған. Сонынан малға арнап жеке мал қоралар сабастаған. Көптеген малдың үзак уақыт бір жерге жайылуы мүмкін болмаған, сондыктан, адам малдарына соны жайылым іздел көбастаған. Сүйтіп, ұлан-байтак далаларда көшпелі мал өсіруші шаруашылығы келіп туған. Мал өсіру шаруашылығының дамуынан қабат сүт шаруашылығы келіп шықкан, ірімшік, май дайындаған. Адам жануарлардың жүнін өндеді үйренген, әуелі жеңін жіп иіруді үйреніп, сонынан одан, сұқыттан жақсы қорғайтын жылы тоқымалар токуды үйренген. Токыма станогін ойлап шығаған.

Үй жануарларын өсіру олардың күшін жер жырту жұмысын пайдалануға мүмкіндік берген. Бұдан келіп ағаш соқа сыйкты жыртатын тұңғыш құрал шыққан. Бұл үшін имек бұтағы, я жеңін жиіліктердің үйреніп, сонынан одан, сұқыттан жақсы қорғайтын жылы тоқымалар токуды үйренген. Токыма станогін ойлап шығаған.

**Аталық рудың тууы.** Мал өсіру ерлердің ең басты кәсібі болған. Бұл ерлердің шаруашылықтағы маңызын арттыра түскен. Керінше, әйелдердің жұмысы бұрынғы маңызын жойып алған. Ер мен мұлікке ие болып оларды тұқым куалай өздерінің балалары қалдырып отырған. Сондыктан туысқандық әйел жынысына қарсап алған, ерлер жынысынан саналғын болған. Оған дейін өмір ріп келген аналық ру ыдырап кеткен; оның орнын аталық ру білді, яғни арғы тегі ерлерден тараған туыстар одағы шыққан.

Әкенің мүлкін балаларының неленіп қалу ғұрыптың бекем нығуы, семья ішінде байлықтың жыйналуына әкеліп сокқан. Егер семьялар ру қауымынан бөлініп шыға бастаған. Мұның нәтижесінде алғашқы-қауым күрілісі ыдырай бастаған.

**Мыс-қола мәдениетінің дамуы.** Аталық рудың даму кезеңі таң жасалған бұйымдарды мыстан және қоладан жасалған бұйымдар ығыстырып шығара бастаған кезге тұра келеді. Адам әуес кезде таза күйінде тауып алған мысты сұық күйінде соғып өнгөн. Бірак, таза мыстан жасалған заттар өте жұмсак болған, мұқалып, тез майысқыш келген. Сондыктан металл қуралдарын сапасын жаксару үшін мынан пен қалайының күйчасын (кола) будың маңызы өте зор болған. Кола мысқа қарағанда едәуір төннірек температурада балқыйды. Бұл балқыту ісін және колада әртүрлі заттар жасауды жөнілдете түскен. Мысқа қарағанда катар

келетін қоланы қолдану, еңбек құралдары мен қару-жарактарды едәүір жақсартуға мүмкіндік берген. Бұл адам еңбегінің өнімін арттырыды, қару-жарағын жақсартты.

Біздің өлімізде табылған, өте ерігедегі мыстан істелген заттар біздің әрамыздан бұрынғы үшінші мың жылдарға тұра келеді. Әуелгі кезде олар онтүстік және шығыс елдерінен әкелінген. Кейінрек біздің әрамыздан бұрынғы екінші мың жылдарда, қола заттарын жергілікті жерде өндіру ісі туған. Қавказ, Орта Азия, Алтай және Орал таулары қола мәдениетінің орталығы болған, бергі жерде қола далалы және орманды аудандарға тараған


Өтө ерте заманда, адамның негізгі кәсібі аңшылық болған кезде, алғашкы жеке қауымдардың өмірінде айырмашылық болмаған. Кейінрек олардың шаруашылық әрекеті әртүрлірек болған. Тағандары көп, орманды жерлерде аңшылық бұрынғы маңызын сактап қалған Өзен, көл маңындағы адамдар көбінесе балық аулаумен айналысқан. Құнарлы өзен алаптарында егіншілік шықкан. Шөптесінді далалар мал жайылымына айналған.

Егіншілікпен, мал өсірушілікпен айналысқан қауымдар, аңшылар қауымынан гөрі, тезірек дамыған. Сүйтіп, адам баласы қоғамының дамуы біркелкі болмаған. Біздің өлімізде дамудың бұл айырмашылығы біздің әрамыздан бұрынғы екінші мың жылда, өсіреле, бірінші мың жылда, көзге түсерлікей болып үдей түскен.

Европалық территорияның орманды алаптарында тұруышылармен Сібірдің үлан-байтақ ормандарында тұруышылардың көбі балықшы және аңшы болып кала берген. Мұндағы адамдар аз-аздан бытыраңқы поселкелерде тұрған. Мұнда әлі де болса алғашкы-қауымдық құрылыш сакталып келген.

Онтүстік Сібір, Орта Азия және Қара теңіз маңындағы шөптесінді жазықтарда негізгі кәсіп мал шаруашылығы болған. Құнарлы алаптарда егіншілік болған.

Бұл жерлерде алғашкы-қауымдық құрылыштың ыдырауы тез болған Қара теңіздің маңындағы онтүстік далаларда бытырап жатқан көп қорғандар бар, бұларды казғанда адамның қызыл түске боялған қанқа сүйектері табылған. Жерлеген уақытта өліктің денесіне сары не қызыл бояулар жағатын болған. Бұл кейіннен сүйекке сіңіп қалатын. Өлікті көмгөн кезде оның жанына қару-жарактар және тұрмысқа қажетті әртүрлі бұйымдар бірге салынагын болған. Кейде бір қабырдың ішінен өр мен әйелдің қанқа сүйектері бірге табылған. Үйдің кожасы — ері өлген уақытта, оның әйелін де өлтіріп күйеуімен қоса көму ғұрпы болуы мүмкін деп болжауға болады. Бұл қорғандардың ішінде, мұлік теңсіздігінің туғандығын дәлелдейтін бай және кедей қабырлар да кез-



Аттың өтіздің бейнесі. *Майкоп қорғанынан табылған.*

деседі. Ру және тұқым көсемдерінің өте бай қабырын көрсө Майкоп қаласының маңындағы қорғанды мысал етіп алуға бұды. Бұл қорғаның биіктігі  $10\frac{1}{2}$  метрге жеткен. Бейіттің не бөлімінен алқызыл түске боялған қанқа сүйек табылған. Өлі үстіне алтын жиһаз бен алтыннан істелген өгіздердің кескіні, қыйналар, өте кішкене алтын табақтар, алтыннан, ахықтан, атастардан істелген алқалар және басқа уақ заттармен бese киім кигізіп көмілген. Өліктің қасына алтын-күміс ыдыстар ылған. Қабырдың үстіне алтын, күмістен істелген іші кеуек, тәрізді қадаларға орнатқан қалқан жасалған. Бұларды тұтас тын мен күмістен істелген өгіздің бейнесімен безендірген. бейіттің өрекшे бөлімінен және екі қанқа сүйек табылған: көмен бірге оған жақын адамдар да өлуге тиіс болған.

Кола мәдениеті біздің әрамыздан бұрынғы екінші мың жыл бірінші мың жылдың бас кезінде Кавказ, Закавказье, Алтай ларында тамаша дәүірлеген. Бұл жерлерден ескі замандағы кен орындары табылған, бұлардан жергілікті кола өндірісіне теріал болатын рудалар алынған

Біздің әрамыздан бұрынғы бірінші мың жылдың бас кезе Закавказьенің онтустік таулары мен Кіші Азияда гаптық қоқурала басталған.

**Темір мәдениетінің басталуы.** Еліміздө біздің әрамыздан ынғы екінші мың жылдың аяқ шенінде темір бұйымдар да да бола бастаған. Әуелгі кезде темір қоладан жасалған заттың үстін әсемдеуге қолданылған. Біздің әрамыздан бұрынғы рінші мың жылдың бірінші жартысында әр жерлерде-ақ темір ымдарын өндіру ісі туда бастаған, бұл қоладан істелген қарурақ пен еңбек құралдарын ығыстырып шығара бастаған. Бір әрамыздан бұрынғы бірінші мың жылдың орта шенінде біздің міздің халқы темірді көп тұтына бастаған. Темір еңбек өні әсіресе, егіншілік пен қолөнер еңбегі өнімінің ілгері қарай леуін көп жеңілдеткен. «Темір, көп жерді өңдеуді турызды, орманды жерлерді өгістікке арнап тазартып алуға мүмкі берді; темір қолөнершінің қолына қагтылығы жөнінен, өткір жөнінен, тастың да, ол кезде белгілі болған металдардың да қайсысы да төтеп бере алмайтын құрал берді»<sup>1</sup>.

## II ТАРАУ.

### БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДІҢ ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ӨТЕ ЕРТЕДЕ МЕМЛЕКЕТТЕР.

#### § 4. КАВКАЗ БЕН ОРТА АЗИЯДАҒЫ ӨТЕ ЕРТЕДЕГІ ҚҰЛ ИЕЛЕНУШІ МЕМЛЕКЕТТЕР.

**Құл иеленушілік құрылыштың негізі.** Алғашкы-кауымдық құрылыштың кезінде үстемдік те, қанау да болмаған Ру қурылыштың кезінде өндіріс өте төмен дәрежеде болған. Мал өсірушілік егіншіліктің және отбасындық қолөнердің дамуымен қабага-

<sup>1</sup> Энгельс, Семьяның жеке меншіктің және мемлекеттің пайдасы бар. Маркс пен Энгельс, Шығармалар, XVI том, 1 бөлім 38-бет.

продуктыны тіршілік етуге қажетті мөлшерден гөрі көбірек өндіруге мүмкіндік тапқан. Бұл ру қауымдарының арасында продукты айырбасын туғызған. Өндіріс құралдарын жеке меншіктенудің дамуымен қабат айырбас жеке адамдардың арасында да журе бастаған. Айырбас өндірістің одан арғы жерде де кеңейе түсуіне себеп болған, өндіріске бір семьяның я бір рудың күші жетпейтін бола бастаған. Өндіріске керекті жаңа жұмыс күшін енді соғыстауып берді: сондықтан соғыста қолға түскендерді бұрынғыдан өлтіріп тастамай, күлға айналдыратын болған. Осы уақыттан бастап соғыстың негізгі мақсаты қолға тұтқындар түсіріп алу және талау болған. Соғыстар мұлік теңсіздігін бұрынғыдан да күшеткен. Байлар өз туысқандары мен өз тайпсының адамдарын да күлға айналдыруға мүмкіншілік алған. Бірінші рет тап-тапқа жіктелген ірі бөлінушілік құл иеленушілер табы мен күлдар табына бөліну осылайша келіп шыккан. Құл иеленуші басқа заттарындей-ак құлды да өзінің толық меншігі егіп санаған. Ол құлды, малдай-ак сатуға, сатып алуға, өлтіруге ерікті болды. Құлда меншік болмаған. Құлдың еңбегі шаруашылықта кең түрде пайдаланылған.

**Құл иеленуші мемлекеттің құрылуды.** Мұліктің және таптық теңсіздіктің дамуымен бірге мемлекет келіп шығады. Мемлекет меншік иелеріне колындағы байлықтарын сактап қалу үшін және құлдарға, ауқатсыз халықтарға өкім жүргізу үшін керек болған. Мемлекеттік үйымдар құлаған алғашқы-қауымдық құрылыштың срыйнан туған.

Мұлік теңсіздігінің пайда болуымен бірге ру және тайпы көсемдері бай семьялардың составынан іріктеліп шыға бастаған. Ел талау соғыстары көсемдерді бұрынғыдан да гөрі байта түскен және руға қарама-қарсы етіп күштейте түскен. Көсемдермен бірге олардың төңрегіндегі жауынгерлік жасақ та бай берген. Жасақ халық сайлаған көсемдердің өкіметі — үрпактарына мұра есебінде қалып отыратын патшалық өкіметке үсткілікті болып айналуына көмектескен. Құлдар мен ауқатсыз халықты бағындырып үстап отыру үшін ерекше карулы күш керек болған, бұл күш бұрынғы тайпилік ополчениенің орнын басқан Үстем азшылықтың мұддесін көздейтін таптық сот шыққан. Ру қоғамы өмір талдап шығарған ғұрыптардың негізіне сүйене отырып баскарылған. Ал, мемлекетте үстем таптың мұддесін қорғайтын заңдар шығарылған. Осылайша келіп, алғашқы-қауымдық құрылыштың кезінде болмаған, мемлекеттік өкімет құрылған.

Ертедегі мемлекеттер көршілес отырған өзіне қарағанда әлсіз тайпиларды бағындырып алу арқылы күштейген, бірак, мүндай көп тайпилы мемлекеттер онша баянды болмаған, өйткені экономикалық байланыска сүйенбей, жаулап алып, зорлап үстауға сүйенетін болған. Сондықтан, олар да жеке колбасшылардың немесе патшалардың үстем болуына, я кері кетуіне байланысты, кейде біриліп, кейде ыдырап кетіп отырған.

**Закавказьенің ертедегі мемлекеттері.** Біздің елімізде бірінші қул иеленуші мемлекет, Ассириямен көршілес Закавказье де туған. Біздің эрамыздан бұрынғы екінші мың жылдың орта шенінде Ван көлінің айналасындағы таулы жерлерді түрлі тұқымдардан құрал-

ған уак одактар мекендеген Ассирия патшалары бұларға жиі-жорық жасап тұрған. Тигр мен Евфраттың бас жағында Ван көнің айналасына орналасқан елді, Ассирия патшалары Урарту датаған.

Біздің әрамыздан бұрынғы бірінші мың жылдың бас кезіндегі Урарту еліндегі күштірек таипылағ басшылығымен уак тайпылған, біркітілген Елінің атына сай, онда тұратын халықтарды біз урартар деп атаимыз Бұл державаның басында күшті патшалар отыған, олар ассириялықтардың соктығуларына тойтарыс берумен ғаломаған, ассирия еліне өздері де жорық жасай бастаған Ван көнің жиегінен астана салынған (казіргі Ван қаласына жақын жерде оны оңтүстіктен Иран тауларының тізбегі жақсы қорғап тұрған). Біздің әрамызға дейінгі IX және VIII ғасырларда Урарту мемлекетіне аса көп жерлер қарайтын болған.


Әздерінің жеңістеріне ескерткіш есебінде Урарту патшалар тасқа, жартастарға, кейде адамның баруы өтө қыйын шындар клинописьпен (сына тәрізді әріптермен) жазу жаздырып қалдыған. Урарту тарихының өтө маңызды мәселелерін сөз қылаты клинопись жазуларын ғалымдар (шінде орыс ғалығдары да бақөп еңбек сіңіріп оқый алғатын болды.

Біздің әрамыздан бұрынғы VIII ғасырдың орта шенінде Урарту мемлекеті көлемі жағынан да, күш-куатының арты жағынан да күштіреп, мейлінше өркендеген. Солтүстікте урарттар Аракс аңғарын басып алған. Көршілеріне жасаған жорықтары ойдағыдай болышықканда урарттар олардың поселениелері мен камалдарын тақандап олжа алып қайтып отырған, малдарын айдалап әкетіп, адамдарын өлтіріп немесе байлан алып құлға айналдырып отырған. Ағиши деген патша Ван жартасына ойып жаздырған жазуында, бұл жорықтың кезінде 64 мыңнан астам адамның біркагарын өлтіріп бірқатарын тірідей алып кеткенін хабарлайды. Урарту патшасы және оның вельможаларына қарасты жерлерде мындаған күлдеканал қазып, шаруашылық жұмыстарымен айналысып, биік жастардан ешкім ала алмайтында замоктар салумен болған. Қырылыштар үстаратын шының көмегінсіз біріне-бірі өтө тығыз жыдастырылған үлкен тастардан қаланған. Жарғасгардың ішін ойнаған үлкен үйлер жасаған. Бұл өтө көп еңбек сіңіруді керек еткен Жарғасгардың суландыру және сумен қамсыздандыру үшін салынған курделі қызыларына адам танкалғандай. Астанасы Ван қаласын ішеге сумен камтамасыз етіп тұрған канал, екі мың жылдан артық үкіт бұзылмай тұрған. Суармалы аудандар мен өзен аңғарларын астық және жүзім бактары егілетін болған. Мал өсірушіліктің шаруашылық маңызы зор болған. Урарттар қолдан тамаша жа-жарақтар және басқа бүйімдар жасаумен даңқы шыққан. Бір мемлекет күл иеленуші мемлекет болған: халық еріктілер және күл деп екіге бөлінетін болған Ең бай күл иеленушілер патшалар және оған жақын вельможалар болған.

Біздің әрамыздан бұрынғы VIII ғасырдың ач, шенінде, Урарту мемлекеті көріне әлсірей бастаған. Солтүстіктен урарттарды қөпелілер ығыстыра бастаған. Тигр бойында Ассирия мемлекеті қата күштіреп, Ассирия патшасы Саргон Урарғы патшасының әсі

рін талқан етіп, жеңіп, астанасын қыйратып, ушан-теңіз байлықтарын алғып кеткен. Саргон өзінің жеңгендігі туралы жартасқа ойдырып мынадай жазу жаздырып кеткен: «Әскерінің жеңілгендігін естігенде Урарту патшасының жүрегі қорықкандақтан, бұркіттен қорқып үша қашқан күстың жүрегіндегі қалтырады»

Содан кейін урарту мемлекеті мұлдем ыдырады. Халқының біразы сол түстікке кетіп, қалғаны Ван көлінің маңын және оған



Урартудың құрылым тасы, оғындеғі Аргишти патшаның сына тәрізді жазу меч жазғаны Ереванға жақын жердегі құмбаган қамалдың орнынан табылған.

*Москвадағы тарихи музей.*

Жауудың аудармасы: «Менуаның баласы, Аргиши, осы қамалды осындай тастың 10 000 данасынан салдырды».

жақын территорияларды мекен еткен басқа тайпыларға араласып кеткен. Урарту мемлекеті туралы ескерткіш, Аарат тауының атындаған сакталып Қалған.

Урартудың бұрынғы территориясында біздің эрамыздан бұрынғы VI ғасырда ру-тайпылардан жаңа одактар құрылған. Бұл одактан екі халық, грузин мен армян халқы шыққан. Ерте замандағы армяндар Ван көлінің айналасындағы жерлерді мекендеген. Аракс пен Кура алабында және сол өлкеге жақын таулы аудандарда тұратын картвелдер (картылар), тағы басқа оларға туыстас тайпылардан грузин халқы құрылған. Армения біздің эрамыздан бұрынғы VI ғасырдың аяқ шенінде, Персия патшасы I Дари Гистаспенің қоластына бағынуға мәжбүр болған. Арменияны жаулап алулары туралы тасқа ойдырған үлкен жазуында Дари армяндардың қарсы көтеріліс жасағанын, ол көтерілістің 5 рет қан төгіс соғыстан кейін барып басылғанын хабарлайды. Армения Персия патшасына өте ауыр атын төлеп тұрған

**Орта Азияның ертедегі халықтары.** Біздің эрамыздан бұрынғы бірінші мын жылда Орта Азияның көндалаларын мал өсірүші көп-

